

2

Ф.7.02-10

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКТЕМІН»

Басқарма Төрағасы-Ректор м.у.а

Кәді Нұрманбетов

2024ж.



**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**7М03130 - Психология**

Тіркеу номері	7М03130 – Психология
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	7М03 – Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	7М031 Әлеуметтік ғылымдар
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	М066 Психология
БББ түрі	Жүзеге асырылушы
ББХСЖ бойынша деңгейі	7
ҰБШ бойынша деңгейі	7
СБШ бойынша деңгейі	7
Оқыту тілі	Қазақ, орыс
БББ көлемі	120
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Шымкент, 2024 ж.

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	Қызметі	Қолы
Лекерова Г.Ж.	«Жалпы педагогика және психология» кафедрасының профессоры, пс.ғ.д.	<i>Лекерова</i>
Усенова А.М.	Доктор PhD, доцент, «Жалпы педагогика және психология» каф.менгерушісі	<i>Усенова</i>
Шоманбаева А.О.	«Жалпы педагогика және психология» кафедрасының доценті, пс.ғ.к.	<i>Шоманбаева</i>
Вероцкая Г. Е.	«Инновациялық психология» Республикалық қоғамдық қорының директоры	<i>Вероцкая</i>
Атаева Ж.К.	«BOLMYS» практикалық психология Орталығы ЖК Директоры	<i>Атаева</i>
Абильдаева Г.С.	Ө.А.Жолдасбеков атындағы №9 IT-лицейінің директоры	<i>Абильдаева</i>
Баймуханбетова М.З.	«Медициналық психология және әлеуметтік қорғау Одағы» Республикалық Қоғамдық бірлестігінің директоры	<i>Баймуханбетова</i>
Жыңғылбай А.	МТП 23-5нк тобы магистранты	<i>Жыңғылбай</i>
Кавина О.	МТК-23-5нр тобы магистранты	<i>Кавина</i>



Білім беру бағдарламасы «Тарих және педагогика» факультетінің/ЖМ академиялық сапа жөніндегі комитет мәжілісінде қаралды.

« 28 » 02 2024ж. № 4 хаттама.

АК (комитет) төрағасы *Усенова* Усенова А.М.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

« 28 » 02 2024ж. № 4 хаттама.

ОӘК төрағасы *Сарыкулов* К.Р.Сарыкулов

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

« 28 » 03 2024ж. № 10 хаттама.

## МАЗМҰНЫ

1. Бағдарламаның концепциясы .....
2. Білім беру бағдарламасының паспорты .....
3. БББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері .....
- 3.1 Жалпы БББ бойынша оқыту нәтижелерінің қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы.....
4. Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы
- 5 Білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде меңгерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте
6. Оқыту стратегиясы, әдістері және жасанды интеллект, бақылау және бағалау
- 7 БББ оқу-ресурстық қамтамасыз ету

Келісу парағы

Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі

Қосымша 2. Эксперттік қорытынды

Қосымша 3. Кәсіби стандарттар.

## 1. Бағдарламаның концепциясы

<b>Университет миссиясы</b>	Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеу және кәсіпкерлік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшыны дайындау
<b>Университет құндылықтары</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа ашық.</li><li>• Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады.</li><li>• Академиялық еркіндік – таңдау, даму және әрекет ету еркіндігі.</li><li>• Серіктестік – барлығы жеңетін қарым-қатынаста сенім мен қолдауды қалыптастырады.</li><li>• Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешімдер қабылдауға және олардың нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.</li></ul>
<b>Түлек үлгісі</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Терең пәндік білім, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту.</li><li>• Ақпараттық және цифрлық сауаттылық және жылдам өзгеретін ортадағы ұтқырлық.</li><li>• Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалдық интеллект.</li><li>• Кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әлауқатына жауапкершілік.</li><li>• Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.</li></ul>
<b>БББ бірегейлігі</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген түлектің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру арқылы өңірлік еңбек нарығына және әлеуметтік тапсырысқа бағдарлану.</li><li>• Практикаға бағдарлану және сыни ойлау мен іскерлікті дамытуға, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауатты және бәсекеге қабілетті болуға және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға аса назар аудару.</li></ul>
<b>Академиялық адалдық және этика саясаты</b>	Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды: <ul style="list-style-type: none"><li>– Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022 ж. №212-нқ бұйрығы);</li><li>– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (07.12.2021ж. №221-нқ бұйрығы);</li><li>– Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нқ бұйрығы);</li></ul>
<b>БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;</li><li>2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы No 595</li></ol>

## негіздері

бұйрығымен және 29.12.2021ж №614 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

3.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар

4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі No 152 бұйрығымен және 23.09.2022 жылғы №79 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі;

6.Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы No 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.

7.Оқу процесіне ECTS принциптерін енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту бойынша әдістемелік ұсыныстар. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығына қосымша. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 12 ақпандағы № 57 бұйрығы

8.Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулық, ҚР ҒЖБМ жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының 4.05.2023 жылғы № 601 н/қ бұйрығына 1-қосымша

**Білім беру процесін ұйымдастыру**

**БББ сапасын қамтамасыз ету**

- Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру
- Студентке бағытталған оқыту
- Қол жетімділік
- Инклюзивтілік
- Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі
- Стейкхолдерлерді БББ әзірлеуге және оны бағалауға тарту

**Оқуға  
түсушілерге  
қойылатын  
талаптар**

- Жүйелі мониторинг
- Мазмұнды өзектендіру (жаңарту)

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар

## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

<b>ББ мақсаты</b>	Ғылыми-тәжірибелік мәселелерді шешуге, жеке тұлғаның психологиялық саулығын дамытуға бағдарланған, адамдарға психологиялық қолдау көрсету саласында құзыретті және бәсекеге қабілетті магистр-психологтарды кәсіби даярлау.
<b>ББ міндеттері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қоғамда әлеуметтік жауапты мінез-құлықты қалыптастыру, кәсіби этикалық нормалардың маңыздылығын түсіну және осы стандарттарды сақтау;</li> <li>- магистранттарды кәсіби даярлауды қамтамасыз ету, олардың өмір бойы оқуын жалғастыруына, кәсіби қызмет барысында өзгермелі жағдайларға сәтті бейімделуіне мүмкіндік беру;</li> <li>- психология саласында еңбекті ғылыми ұйымдастыруда сауатты және дамыған сөйлеуді, ойлау мәдениеті мен дағдыларын меңгеру, дамудың жоғары жалпы интеллектуалдық деңгейін меңгеру үшін жағдайларды қамтамасыз ету;</li> <li>- магистранттардың мамандығы бойынша жұмысқа орналасу немесе білім берудің кейінгі деңгейлерінде үздіксіз білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін интеллектуалдық, физикалық, рухани, эстетикалық дамуына жағдай жасау.</li> <li>- Сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау</li> </ul>
<b>ББ үйлесімділігі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>•Қазақстан Республикасы Ұлттық біліктілік шеңберінің 7-деңгейі;</li> <li>•Біліктіліктің 6 деңгейінің Дублиндік дескрипторы;</li> <li>•Еуропалық жоғары білім кеңістігінің біліктілік шеңберінің 2-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area);</li> <li>•Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 7-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).</li> </ul>
<b>ББ кәсіби саламен байланысы</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1.Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2023 жылдың 13 қаңтарындағы №9 бұйрығымен бекітілген «Психологиялық және әлеуметтік жұмыс» кәсіптік стандарты;</li> <li>2.Қазақстан Республикасы ағарту министрінің м.а. 2022 жылдың 15 желтоқсанындағы №500 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіптік стандарты;</li> <li>3.Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік</li> </ol>

	<p>қорғау Министрінің 2020 жылдың 30 желтоқсанындағы №553 бұйрығымен бекітілген жетекшілердің, мамандар мен басқа да қызметкерлердің лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.</p>
<b>Берілетін дәреженің атауы</b>	<p>Осы БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге 7М03130-Психология» білім беру бағдарламасы бойынша «әлеуметтік ғылым магистрі» дәрежесі беріледі.</p>
<b>Біліктілік және қызметтер тізімі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- орта және жоғары оқу орындарында психолог;</li> <li>- кәсіптік бағдар беру және кәсіптік оқыту орталықтарында, қалалық және республикалық жұмыспен қамту орталықтарында психолог;</li> <li>- қоғамдық пікірді және саяси технологияларды зерттеу орталықтарының психологы,</li> <li>- өндірістік кәсіпорындарда психолог,</li> <li>- спорт ұйымдарындағы психолог,</li> <li>- медициналық ұйымдар мен емдеу-сауықтыру мекемелеріндегі психолог;</li> <li>- құқық қорғау және пенитенциарлық мекемелерде, қараусыз қалған жасөспірімдерді педагогикалық оңалту және әлеуметтік бейімдеу орталықтарында психолог;</li> <li>- ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө- м бұйрығымен бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарына қойылатын біліктілік анықтамалығының біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс өтіліне қойылатын талаптарды ұсынбай, ғылыми-зерттеу ұйымдарындағы кіші ғылыми қызметкер. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 21 мамырдағы.</li> </ul>
<b>Кәсіби қызмет саласы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- білім беру (білім беру және тәрбиелеу процестерін психологиялық зерттеу және қолдау);</li> <li>- денсаулық сақтау және спорт (медициналық және спорттық ұйымдардың қызметін психологиялық қамтамасыз ету; психопрофилактикалық және психокоррекциялық іс-шаралар);</li> <li>- өндірістік (адам ресурстарын басқаруды, өндірістік қызметті және бизнесті психологиялық қамтамасыз ету);</li> <li>- құқық қорғау органдары (шұғыл-іздістіру және тергеу қызметін психологиялық қамтамасыз ету, сот ісін жүргізу, пенитенциарлық мекемелердегі құқықтық профилактика);</li> <li>- ғылыми-зерттеу қызметі.</li> </ul>
<b>Кәсіби қызмет нысандары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық түрдегі және үлгідегі ұйымдар (спорттық-шығармашылық, әскери, құқық қорғау, пенитенциарлық, медициналық, әлеуметтік қызметтер,</li> </ul>



	<p>өндірістік, кәсіпкерлік, ұлттық компаниялар, медиа орталықтар, ұлттық қауіпсіздік комитеттері, төтенше жағдайлар, орталықтар: кәсіптік бағдар беру, кәсіптік оқыту, жұмысқа орналастыру, қоғамдық пікірді зерттеу және саяси технологиялар);</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• мемлекеттік басқару органдары;</li> <li>• білім беру ұйымдары: мектепке дейінгі, жалпы білім беретін мектептер, колледждер мен жоғары оқу орындары, арнайы түзету ұйымдары;</li> <li>• халыққа әлеуметтік көмек көрсететін ұйымдар (аз қамтылған топтармен жұмыс істейтін әлеуметтік орталықтар, халықтың әлеуметтік осал топтарына психологиялық көмек көрсетуге арналған қоғамдық қорлар, балалар мен жасөспірімдерді оңалту және бейімдеу орталықтары және т.б.);</li> </ul> <p>ғылыми-зерттеу және консалтингтік ұйымдар.</p>
<b>Кәсіби қызмет пәндері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• тұлғаның жеке және тұлғалық дамуы;</li> <li>• әртүрлі типтегі ұйымның субъектілерін психологиялық қолдау;</li> <li>• жеке тұлғаның әлеуетін дамыту мақсатында тұлғалық және психикалық салаларды зерттеу;</li> </ul> <p>халықтың психологиялық денсаулығы.</p>
<b>Кәсіби қызмет түрлері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Психологиялық диагностика және коррекция;</li> <li>• Психологиялық ағарту және кеңес беру;</li> <li>• Ұйымдық-басқарушылық қызметті психологиялық қолдау;</li> <li>• Психологиялық оңалту және бейімдеу;</li> <li>• Әлеуметтік-психологиялық мәселелер мен бұзылыстарды сауықтыру;</li> <li>• Психологиялық консалтингтік және тренингтік қызметтер;</li> <li>• Қолданбалы конфликтология және медиация;</li> <li>• Ғылыми-зерттеу қызметі.</li> </ul>
<b>Оқыту нәтижелері</b>	<p>ОН1 әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелерін, жоғары оқу орнындағы ғылыми білім мен педагогиканың қазіргі даму тенденцияларын талдайды және қорытындылайды;</p> <p>ОН2 көпмәдениетті және көптілді ортадағы ғылыми, психологиялық-педагогикалық басқару, әлеуметтік өзара әрекеттесу мәселелерін шешу үшін шет тілін пайдаланады, мәдениетаралық өзара әрекеттесу процесінде мәдениеттердің алуан түрлілігін талдайды және есепке алады;</p> <p>ОН3 қазіргі әлемдік және отандық психология ғылымы мен тәжірибесінің дамуының өзекті мәселелерін,</p>

перспективаларын, беталыстарын, тұлға мен әлеуметтік топтардың дамуын талдайды және айқындайды;

ОН4 ғылыми-зерттеу әдістемесі мен әдістерін, математикалық статистиканы, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, зерттеу қызметінің нәтижелерін талдау технологиясын пайдалана отырып, ғылыми-практикалық тапсырмаларды орындайды;

ОН5 жаңа және күрделі идеяларды сыни тұрғыдан талдайды, бағалайды, әлеуметтік, этикалық және ғылыми ұғымдарды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинайды және түсіндіреді;

ОН6 кәсіби әдеп нормаларын ескере отырып, басқарушылық қызметтің психологиялық жағдайлары мен ерекшеліктерін талдайды; ұйымның дамуындағы жағдай мен өзгерістерді жорамалдайды және болжайды;

ОН7 диагностиканың, дамытудың, түзетудің, терапияның, кеңес берудің заманауи әдістерін қолданып, тұлғаның психологиялық зерттеуін жүргізеді;

ОН8 девиантты, делинквентті, деструктивті, суицидтік мінез-құлықтағы тұлғалармен жұмыс істеу және оларды әлеуметтік оңалту әдістерін меңгеріп, адамдардың психологиялық денсаулығын дамыту және сақтау бағдарламаларын әзірлейді;

ОН9 жеке тұлғаның, топтардың, ұйымдардың дамуына психологиялық болжам жасайды, психологиялық қатынас бағдарламаларын ұсынады (тренинг, психокоррекция, психотерапия, психологиялық кеңес беру);

ОН10 ғылыми және іскерлік қарым-қатынасты жүргізе алады, ғылыми конференцияда сөз сөйлей алады, ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша тезистер, андатпалар, мақалалар жаза алады;

ОН11 жеке тұлғаның психологиялық дамуын үйлестіру үшін психотерапевтік жұмыстың нысандары мен әдістерінің кешенін тәжірибеге енгізеді;

ОН12 көшбасшылық қасиеттерін көрсете отырып, өз көзқарасын дұрыс дәлелдей отырып, өз іс-әрекетін кәсіби түрде түзете отырып, ұжымды тиімді басқарады.

## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТҮЛЕГІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

<b>ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (SOFT SKILLS). Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық қасиеттер</b>	
ЖҚ 1. Өзінің сауаттылығын басқару құзыреттілігі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- аналитикалық ойлау;</li> <li>- коммуникативтік қасиет;</li> <li>- командада жұмыс істеуге қабілеттілік;</li> <li>- ұйымдастырушылық қабілеттіліктер;</li> <li>- креативтілік және сыни ойлау, интерпретациялау, талдау, тұжырым жасау, бағалау дағдыларын игеру қабілеттілігі;</li> <li>- белсенді өмірлік ұстанымға ие болу;</li> <li>- белгісіздік пен ықтималдылық жағдайында кәсіби сипаттағы шешім қабылдау.</li> </ul>
ЖҚ 2. Тілдік құзыреттілік	<ul style="list-style-type: none"> <li>- әлеуметтік және гуманитарлық білім салаларында ұғымдарды, ой, сезім, фактілер мен пікірлерді жазбаша және ауызша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) білдіру және түсіну қабілетін, сондай-ақ оқу кезінде, жұмыста, үйде және бос уақытында лингвистикалық және шығармашылық тұрғыдан жан-жақты қоғамдық және мәдени контексте тиісті түрде меңгеру қабілеті, кәсіби ортада және социумда әлеуметтік қатынас дағдыларын, өз ойын жүйелі және сауатты жеткізу машығын, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын еркін игеруі;</li> <li>- шет тіліндегі коммуникациялардың негізгі дағдыларын – кәсіби саладағы ұғымдар, фактілер мен пікірлерді тиісті әлеуметтік және мәдени контексте ауызша және жазбаша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) түсіну, білдіру және ұғыну дағдыларын, медиация және мәдениетаралық түсінік дағдыларын меңгеру қабілеті.</li> </ul>
ЖҚ 3. Математикалық құзыреттілігі және ғылым саласындағы құзыреттілігі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ғылыми ойлау мәдениетін, талдап қорытуды, дәйектер мен теоретикалық ережелерді талдау мен жинақтауды игеру қабілеті, білім әлеуетін, ЖОО-да математикалық, жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқыту барысында иеленген тұлғалық қасиеттері мен тәжірибесін қолдануға даярлығы, кәсіптік мәндеттерді шешуді бақылау мен бағалау, математикалық және жаратылыстану-ғылыми ойлауын дамыту тәсілдерін анықтау.</li> </ul>
ЖҚ 4. Цифрлық құзыреттілік, технологиялық сауаттылық	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыста, бос уақытта және коммуникацияларда заманауи ақпараттық және сандық технологияларды сенімді, әрі сыни тұрғыда пайдалану, оларды қолдануда, қалпына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, таныстыру және компьютер арқылы ақпарат алмасу дағдыларын меңгеру, кәсіби қызмет саласында Интернет арқылы ынтымақтас желілерде қарым-қатынас жасау және қатысу қабілеті.</li> </ul>

ЖҚ 5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қоғамдық пікірге, дәстүрлер, салттар, нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды меңгеру және оларға өзінің кәсіби қызметінде сүйене білу қабілеті;</li> <li>- Қазақстанның құқықтық жүйесінің негіздері мен заңнамасын білу; қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін білу;</li> <li>- түрлі әлеуметтік жағдайларда жұмыс істей білу;</li> <li>- мәмілеге келе білу, өз пікірін ұжым пікірімен сәйкестендіре білу;</li> <li>- іскери әдеп нормаларын, әдеп және құқықтық нормаларды меңгеру;</li> <li>- кәсіби өсу және жеке тұлға ретінде дамуға талпыну;</li> <li>- командалау жұмыс жасай білу, өз көзқарасын жетік дәлелдей алу, жаңа шешімдер ұсына білу;</li> <li>- басқа индивидтарға қатысты толеранттылық таныта білу қабілеті.</li> </ul>
ЖҚ 6. Кәсіпкерлік құзыреттілік	<ul style="list-style-type: none"> <li>- сыни ойлау, интерпретация, талдаудың креативтілігін, қорытынды шығару, бағалау дағдыларын меңгеру;</li> <li>- кәсіби міндеттерге қол жеткізу үшін жобаларды басқару, персоналды басқара білу, кәсіпкерлік дағдыларын көрсете білу қабілеті.</li> </ul>
ЖҚ 7. Мәдени хабардарлық және өз ойын жеткізе білу қабілеті	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстан халқының дәстүрі мен мәдениетін білу және түсіну, әлемнің басқа халықтарының дәстүрі мен мәдениетіне толерантты болу, толеранттылықта төзімділік таныту;</li> <li>- жоғары рухани қасиеттерге ие бола білу, зиялы адам ретінде қалыптасу қабілеті.</li> </ul>
<b>КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (HARDSKILLS)</b>	
Осы бағыт үшін тән теоретикалық білімдер мен тәжірибелік дағдылар мен шеберліктер	КҚ1 инновациялық тәжірибені қолдануды ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеу процесін психологиялық қамтамасыз етуді, диагностикалау, түзету, психологиялық-педагогикалық іс-әрекет нәтижелерін болжауды жүзеге асырады.
	КҚ2 қазіргі заманғы парадигма контекстінде психология ғылымын дамытудың тұжырымдамалық идеялары мен бағыттарын енгізуге қабілетті.
	КҚ3 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізіндегі ғылыми зерттеу нәтижелерін талдау әдістерін қолдана отырып, психологияның теориялық және әдіснамалық негіздерін дәлелдейді.
	КҚ4 қазіргі психология ғылымы мен тәжірибесінің жетістіктерін талдау негізінде ғылыми зерттеудің мәселесін, міндеттерін, әдістері мен мақсаттарын тұжырымдайды.
	КҚ5 жеке тұлғаның психикалық және психологиялық

	денсаулығын сақтау үшін инновациялық технологияларды пайдалана отырып, әртүрлі мекемелердегі әлеуметтік-психологиялық қызметті жобалайды.
	КҚБ оқытудың инновациялық, интерактивті және цифрлық әдістері мен технологияларын ескере отырып, психологиялық кадрларды дайындауда оқу үдерісі мен ортаны енгізуге және бағалауға қабілетті.

**3.1 Жалпы БББ бойынша оқыту нәтижелерінің қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы**

	ОН 1	ОН2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН7	ОН 8	ОН 9	ОН1 0	ОН1 1	ОН1 2
ЖҚ1	+		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ЖҚ2		+				+	+	+	+	+		
ЖҚ3				+	+		+		+			
ЖҚ4				+	+	+			+	+		
ЖҚ5		+		+	+	+	+	+	+	+		+
ЖҚ6			+	+		+	+	+	+			
ЖҚ7		+	+		+		+	+	+	+	+	
КҚ1				+	+	+	+	+	+	+	+	
КҚ2	+		+		+		+		+		+	
КҚ3	+		+	+	+		+		+			
КҚ4	+		+	+	+		+		+			
КҚ5				+	+			+	+		+	
КҚ6	+			+	+		+		+	+		

**4. МОДУЛЬДЕР МЕН ПӘНДЕРДІҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТУ  
МАТРИЦАСЫ МЕН ЕҢБЕК КӨЛЕМДІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТТЕР**

№	Модуль атауы	Цикл	Компонент	Пән атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Оқытудың қалыптастырылатын құзыреттіліктері (кодтар)													
							О Н1	О Н2	О Н3	О Н4	О Н5	О Н6	О Н7	О Н8	О Н9	О Н10	О Н11	О Н12		
1	Ғылыми-педагогикалық даярлық модулі	БП	ЖК	Ғылым тарихы және философиясы	Жаратылыстану, әлеуметтік, гуманитарлық және техникалық ғылымдардың тарихы мен философиясын, мәдениет пен өркениеттегі қазіргі еуропалық ғылымды, ғылыми білімнің құрылымын, нақты ғылымдардың философиялық мәселелерін зерттейді, жаратылыстану және техникалық ғылымдардың қазіргі өзекті әдістемелік және философиялық мәселелерін шешу жолдарын анықтайды, сыни ойлауы мен логикасын дамытады.	4	√		√		√									
		БП	ЖК	Шет тілі (кәсіптік)	Мақсаты – білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін көтеру және коммуникативтік құзыреттіліктің қажетті және жеткілікті деңгейін меңгеру.	4		√	√							√				

				<p>Мазмұны: мамандық бойынша ғылыми тақырыптар бойынша жазбаша есептерді дайындау дағдылары; ғылыми баяндама, ғылыми мәтін тақырыбы бойынша тезистер, конспект. Түпнұсқалық жазбалардың жалпы мазмұны. Кәсіби ақпаратты қамтитын дәрістер, хабарламалар тыңдау. Мамандық бойынша ауызша сөйлеу дағдылары: ғылыми баяндаманы ұсыну, ғылыми зерттеуді көрсету, ғылыми пікірталас, ғылыми пікірталас, ситуациялық ойындар..</p>														
	БП	ЖК	Басқару психологиясы	<p>Мақсаты: ұйымның адам ресурстарын басқару дағдыларын қалыптастыра отырып, психологиялық менеджмент саласындағы білімін меңгеру арқылы психологтың құзыреттілігін қамтамасыз ету.</p> <p>Мазмұны: басқару психологиясының әдіснамалық негіздері. Басқарудың психологиялық теорияларының</p>	4	√		√			√							



					<p>дамуы. Басқару психологиясының жалпы теориялық сұрақтары. Басқарушылық қарым-қатынас психологиясы. Қызметкерлердің психологиялық ерекшеліктері. Қызметкерлерді ынталандыру психологиясы. Ұйымның адам ресурстарын басқару технологиялары. Ұйымның кадр саясатын психологиялық қамтамасыз ету. Ұйымдағы қақтығыс психологиясы. Тұлғаның кәсіби деформациясының алдын алу технологиялары. Диагностикалық құралдарды жасау, көшбасшыларды оқытудың цифрлық әдістерін әзірлеу және басқарушылық кеңес беру түрінде тәжірибелік енгізу.</p>													
2	Білім берудің әдістемелік негізде	БП	ЖК	Жоғары мектеп педагогикасы	<p>Мақсаты – магистранттардың студентке бағдарланған оқыту және бағалау қағидаттары негізінде оқу және ғылыми үдерісті жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларын</p>	4	√				√	√						

	рі			<p>қалыптастыру, білім беру үдерісіне инновациялық (соның ішінде цифрлық) және тәжірибеге бағытталған оқыту әдістері мен технологияларын экстраполяциялау, оларды ЖЖОКБҰ-дағы академиялық және ғылыми-әдістемелік қызметке дайындау.</p> <p>Мазмұны: Жоғары мектеп педагогикасы ғылым және оқу пәні ретінде. Жоғары мектеп педагогикасының әдіснамасы. Жоғары білім беруді дамытудың заманауи әлемдік тенденциялары. Қазақстандағы жоғары білімнің тарихы, қазіргі жағдайы және даму болашағы. Жоғары мектеп дидактикасы. ЖЖОКБҰ-да студенттерге бағытталған оқыту және бағалау, оның заңдылықтары мен принциптері. ЖЖОКБҰ-дағы білім беру мазмұны. ЖЖОКБҰ-да оқытудың инновациялық педагогикалық технологиялары, нысандары мен әдістері. Студенттік ортада және қоғамда</p>														
--	----	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

				жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамалары, стратегиялары, тетіктері. ЖЖОКБҰ басқару. ЖЖОКБҰ саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасын және ұйымдық мәдениетті қолдау және дамыту.														
	КП	ЖК	Кәсіптік пәндерді оқыту әдістемесі	Мақсаты: магистранттарды оқу орындарында мамандандырылған психологиялық пәндерді оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерімен таныстыру. Мазмұны: психологиялық білімдерді меңгеру ерекшеліктерін, оқытудың тиімді құралдары мен әдістерін, оқу материалын құрылымдау және оның мазмұнын дамытуды ұйымдастыру жолдарын зерттеу. Құзыреттері: оқытудың теориялық және практикалық негіздерін біледі, оқу сабақтарының әртүрлі формаларын әзірлеу және өткізу	5	√		√		√	√							

					жолдарын біледі.														
		БП	ЖК	Педагогикалық іс-практика	Мақсаты: оқу процесінде алған теориялық және практикалық білімдерін бекіту және кеңейту. Оқу сабақтарының өзін-өзі дамыту тәжірибесін жүзеге асыру. Өз бетінше оқу сабақтарын өткізу дағдыларын қалыптастыру, ұйымдастыру жұмыстарында тәжірибе жинақтау. Кәсіби білім мен дағдыларды қолдануды талап ететін практикалық мәселелерді шешуде тәжірибе жинақтау.	4	√				√	√		√					
3	Зерттеу методологиясы	КП	ТК	Қазіргі заман психологиясының тарихы, күйі және даму тенденциясы	Мақсаты: магистранттар арасында психологияның адамзаттың рухани дамуының құрамдас бөлігі ретіндегі тұтас көзқарасты, ғылыми мектептердің негіздері мен қазіргі психология теорияларын білуді дамыту. Мазмұны: Тұлға психология ғылымының пәні ретінде. Тұлғаны зерттеудің теориялары, тұжырымдамалары және тәсілдері. Тәсілдердің интеграциясы және адамның	6	√		√	√	√								

				<p>биоәлеуметтік бірлігі. XIX-XX ғасырлардағы психологиялық мектептер. Гештальт пен тұтастық психологиясы. Психоанализ. Бихевиоризм. Психологиядағы отандық мектептер.</p> <p>Құзыреттері: психология ғылымының дамуындағы әлемдік тенденцияларды қолдану; қазіргі білім беру парадигмаларының даму проблемалары мен перспективаларын анықтай білу; ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру негіздеріне ие болу.</p>														
		КП	ТК	<p>Қазақстандағы психология ғылымының даму кезеңдері туралы білімді меңгерту.</p> <p>Мазмұны: Қазақстандағы психологиялық ойлардың дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ойшылдар мен ғалымдардың негізгі психологиялық бағыттары мен көзқарастары, сонымен қатар</p>		√		√	√	√								

				<p>қазіргі кезеңдегі отандық психология ғылымының міндеттері. Түркі халықтарында жан туралы түсініктердің шығу тегі. XV-XVII ғасырлардағы этнопсихологиялық ойлар. Қазіргі кросс-мәдени психология.</p> <p>Ж.Аймауытовтың, М.Жұмабаевтың психологиялық-педагогикалық мәселелерге арналған ғылыми еңбектері. Қазақстандағы психология ғылымының дамуындағы орыс психологтарының рөлі. XX ғасырдағы Қазақстандағы психология ғылымының дамуы. Қазіргі кезеңдегі отандық психология дамуының негізгі бағыттары.</p> <p>Құзыреттері: Қазақстандағы қазіргі психология ғылымының даму тенденцияларын талдай және анықтай алу.</p>														
		БП	ТК	Психологиядағы қазіргі	Мақсаты: магистранттардың психологияда статистиканың заманауи әдістерін қолдану	5				√	√		√		√			

			заман статистика әдістері	<p>дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Деректерді сандық және сапалық талдауға арналған стратегиялар мен қадамдар. Психологиядағы мәліметтерді өлшеу және интерпретациялау мәселесі. Психологиялық зерттеулердегі статистикалық гипотезалар мен міндеттер. Корреляциялық талдау. Баяндамалық талдау. Дискурстық талдау. Түсіндірме репертуар. Сұхбат. Графикалық әдістер. Мәнерлі сурет: талдаудың тәртібі мен негіздері. Көпөлшемді әдістер. Психологиялық мәліметтерді өңдеуде SPSS бағдарламасын қолдану.</p> <p>Құзыреттіліктер:</p> <p>психологиядағы статистиканың заманауи әдістерін қолдана отырып, ғылыми зерттеулерді жүргізе алады.</p>														
		БП	ТК	Ғылыми зерттеулердегі математика	<p>Мақсаты: магистранттардың ғылыми зерттеулердегі математикалық талдау әдістерімен таныстыру</p>					√	√		√		√			

			лық талдау	<p>Мазмұны: Өлшемді математикалық талдауды және статистикалық мәліметтерді өңдеуді, сандық сипаттаманы, жиындар теориясының элементтерін, шамалар мен сандық жүйелерді, психологиялық жүйелерді, құбылыстар мен жағдайларды математикалық модельдеуді, негізгі элементтердің орташа мәнін, талдауды, статистикалық критерийлерді зерттейді.</p> <p>Құзыреттері: оқу барысында математикалық талдау әдістерін қолдана алады.</p>														
			Зерттеу практика	<p>Мақсаты: ғылыми-психологиялық зерттеулерді жүзеге асыру дағдыларының кешенін қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Отандық және шетелдік ғылымның соңғы теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеудің заманауи әдістерімен танысу.</p> <p>Теориялық және эксперименттік зерттеулерде тәжірибе</p>	6	√		√	√	√		√		√				



					жинақтау, ғылыми білімнің әртүрлі әдістерін қолдану. Алынған мәліметтерді өңдеу, нәтижелерді талдау және нақтылау. Зерттелетін тақырып бойынша ғылыми-әдістемелік семинар аясында сөз сөйлеу. Құзыреттіліктер: ғылыми зерттеудің әртүрлі әдістерін қолдана алады, нәтижелерді талдай алады және ұсына алады.														
4	Ғылым и-технологиялық модуль	БП	ТК	Психологиялық эксперименттің теориясы және практикасы	Мақсаты: эксперименталды психологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру. Мазмұны: Психологиялық зерттеудің негізгі әдістері. Психологиялық зерттеудегі эксперименттік әдістің ерекшелігі. Экспериментті жоспарлау. Эксперименттің жарамдылығы. Эксперименттік үлгі. Эксперименттік зерттеуді ұйымдастыру мен өткізудің негізгі кезеңдері. Эксперименттік зерттеу нәтижелерін түсіндіру және	5				√	√					√		√	

				<p>ұсыну. «Плагиат», «зерттеу деректерін қолдан жасау» ұғымдары. Психологиялық зерттеулердің этикалық мәселелері. Құзыреттері: психологиялық зерттеуді жоспарлауға және ұйымдастыруға, психика мен тұлғаны зерттеу әдістерін адекватты түрде қолдануға, зерттеу нәтижелерін талдауға, жалпылауға және ұсынуға дайын.</p>															
		ББ	ТК	<p>Коучинг және басқару кеңесі бойынша практикум</p>	<p>Мақсаты: магистранттар арасында менеджмент бойынша консалтинг, коуч психологиясы бойынша идеяларды қалыптастыру. Мазмұны: Басқару консалтингінің және коучингтің принциптері, мақсаттары, міндеттері. Коуч психологиясы мен менеджмент психологиясының қазіргі заманғы беталыстары мен жағдайы, практикалық психологтың кәсіби құзыреттілігінің негізгі</p>							√		√	√			√	

				принциптері, коучинг пен менеджмент құндылықтары. Құзыреттіліктер: коучинг пен басқару консалтингінің негізгі бағыттары мен технологияларын біледі және қолданады.															
		КП	ТК	Нарықтық қарым-қатынастағы тұлға психологиясы	<p>Мақсаты: психологиядағы тұлғаның шетелдік және отандық теорияларын, тұлғаны психологиялық зерттеудің заманауи бағыттарын меңгеру.</p> <p>Мазмұны: нарықтық бағдары бар тұлғаны, нарықта өмір сүрудің ең тиімді жолдары мен өзгермелі өмір жағдайларына қалай бейімделу керектігін зерттейді. Нарық субъектілерімен өзара әрекеттесудегі тұлғаның психологиялық сипаттамасы. Нарық психологиясы, бәсекелестер, қатынастар, ақша және тұлғааралық қатынастар.</p> <p>Құзыреттіліктер: тұлға дамуының тұжырымдамалары мен теорияларына талдау жасайды, тұлғаны зерттеу әдістемесін, нарық</p>	4			√				√	√	√			√	

				жағдайындағы тұлғаны психологиялық зерттеу ерекшеліктерін меңгереді.																
		КП	ТК	Реклама психологиясы	Мақсаты: жарнама психологиясы саласындағы магистранттардың білімдері мен дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны: Жарнаманың адам миына психологиялық әсер ету механизмін, сонымен қатар адамдардың белгілі бір экспрессивтік құралдарды – мәтінді, кескінді, түсті, графикалық дизайнды және т.б. қабылдау ерекшеліктерін зерттейді. Психологиялық ғылымды пайдалану тауарды, қызмет көрсетуді тиімді өткізуге және өзара түсіністікке ықпал ететін өнімді тұтынушы мен жарнама беруші арасында «диалог» туындайтын жағдай жасауға мүмкіндік береді. Құзыреттіліктер: жарнамалық қызметтің психологиялық маркетингінің негізгі технологияларын біледі және қолданады.				√					√	√	√			√	

		БП	ТК	<p>Этнопсихологиядағы кросс-мәдени зерттеулер</p> <p>Мақсаты: магистранттардың этнопсихологиядағы мәдениетаралық зерттеулер туралы білімдері мен дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Мәдениетаралық психологияның концептуалды және категориялық аппаратын, этнопсихологиялық құбылыстардың негізгі тәсілдерін, әртүрлі этностардың ұлттық сипатының ерекшеліктерін, этникалық қақтығыстарды шешудің психологиялық тәсілдерін түсінеді.</p> <p>Құзыреттіліктер: Байқаған этникалық құбылыстарды біледі, талдайды, түсіндіреді.</p>	4				√				√	√	√		√	
		БП	ТК	<p>Келіссөздер процесстерінің психологиясы</p> <p>Мақсаты: магистранттардың іскерлік келіссөздер психологиясы және оларды жүргізудің негізгі ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Іскерлік келіссөзге дайындық ерекшеліктерін, іскерлік келіссөздер процесінің</p>					√		√		√	√		√		

					кезеңдерін, іскерлік келіссөздерді жүргізу әдістерін, іскерлік келіссөздерді жүргізудің тиімді технологияларын білу. Құзыреттері: келіссөздер процесінің әдістерін, технологияларын біледі және қолданады.													
5	Ұйым дастыру және жоспарлау модулі	КП	ТК	Әлеуметтік психологиядағы заманауи зерттеулер	Мақсаты: магистранттар арасында әлеуметтік-психологиялық құбылыстар, процестер, олардың құрылымы, генезисі және қызметі туралы ғылыми түсініктерді қалыптастыру. Мазмұны: әлеуметтік-психологиялық құбылыстар мен процестердің жүйелік сипатын зерттейді. Әлеуметтік психологияның негізгі бағыттары. Қазіргі зерттеулердегі әлеуметтік психология және тәжірибе саласындағы теориялық және эмпирикалық білімдерге негізделген ақпаратты адамның қабылдауының, түсінуінің,	6			√				√	√	√			√

				беруінің және пайдалануының психологиялық механизмдері. Құзіреттіліктер: әлеуметтік психологиядағы заманауи зерттеулердегі психологиялық заңдылықтарды біледі.															
	КП	ТК	Инновациялық бағдарламаларды басқару	Мақсаты: магистранттар арасында инновациялық бағдарламаларды басқару тетіктері туралы идеяларды қалыптастыру. Мазмұны: Кәсіпорынның инновациялық қызметінің ерекшеліктерін, инновациялық бағдарламаларды басқарудың заманауи әдістерін зерттейді, жобалау қызметінде заманауи технологияларды қолданудағыларын қалыптастырады. Құзыреттері: басқару технологияларын, инновациялық бағдарламаларды енгізуді біледі, жобалық құжаттаманы рәсімдеудегі дағдылары бар.				√			√		√	√			√		
	КП	ТК	Экстремалды жағдайлардағы	Мақсаты: магистранттардың білімдерін қалыптастыру Мазмұны: психологиялық процестер мен тұлғаның жасалу,	5								√	√	√				

			күйзеліс психологиясы	қызмет ету және дамуының негізгі заңдылықтарын, принциптерін, экстремалды жағдайлар психологиясы саласындағы ғылыми білімдерді, тұлға мінез-құлқының ерекшеліктерін, кәсіпқой қызметкердің жұмысының түрлері мен бағыттарын зерттеу. Құзыреттері: экстремалды жағдайларда стресстің алдын алу және жеңу бойынша психологтың жеке және топтық жұмыс әдістерін біледі және қолданады.														
	КП	ТК	Экзистенциалды психотерапия	Мақсаты: экзистенциалды гуманистік психотерапияға байланысты білім, білік және дағдылар жүйесін қалыптастыру. Мазмұны: экзистенциалды гуманистік психотерапияның пайда болу және даму тарихы. Шетел ғалымдарының ғылымның дамуына қосқан үлесі. Экзистенциалды психотерапияның пәні, әдістері, мазмұны.			√				√	√	√			√		



				Кұзыреттері: экзистенциалды психотерапия әдістерін біледі және қолданады.														
	КП	ТК	Отбасы және кеңес беру психологиясы	<p>Мақсаты: магистранттардың жанұяға психологиялық кеңес беру саласындағы базалық білімін қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: әр түрлі мәселелерді шешуде жанұяға психологиялық көмек көрсетудің әдістемесі мен тәжірибесін, жанұяның тұрақты функционалдылығын арттыруда, жанұялық қарым-қатынаста адамдардың денсаулығын сақтауда, жанұяның жанұяға тигізетін кері әсерін жеңуде жанұя мүмкіндіктерін зерттейді. оның мүшелерінің және жалпы қоғамның денсаулығын болжау және түзету.</p> <p>Кұзыреттері: отбасына психологиялық кеңес беру процесінде әдістерді, технологияларды біледі және қолданады.</p>	6						√		√	√			√	
	КП	ТК	Психологиядағы психометрия	Мақсаты: психологиядағы психометриялық әдістерді меңгеру.						√	√		√		√			

				<p>Мазмұны: психометриялық әдістерді зерттейді. Кәсіби психодиагностикалық және психометриялық диагностикалық құралдарға қойылатын талаптар. Психодиагностикалық және психометриялық диагностикалық құралдарды өңдеу және бейімдеу технологиялары мен кезеңдері.</p> <p>Құзыреттері: кәсіби, психодиагностикалық және психометриялық диагностикалық құралдарды әзірлеуге және бейімдеуге қабілетті.</p>														
	КП	ТК	Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	<p>Мақсаты: Ғылыми зерттеудің әдістемесін, әдістерін қолдану, ғылыми зерттеу нәтижелерін тіркеу.</p> <p>Мазмұны: Ғылыми зерттеудің жалпы әдістемесі және психологиялық зерттеудің әдіснамалық негіздері. Зерттеудің ғылыми аппараты және логикалық құрылымы. Зерттеу әдістерін таңдау жүйесі</p>	6				√	√					√		√	

				мен критерийлері. Теориялық зерттеу әдістері. Эмпирикалық зерттеу әдістері. Диагностикалық зерттеу әдістері. Құзыреттері: Психологиялық зерттеулерді жоспарлау және ұйымдастыру, психика мен тұлғаны зерттеу әдістерін барабар қолдану, зерттеу нәтижелерін талдау, жалпылау және ұсыну.													
		КП	ТК	Жоғары мектептегі ұйымдастыру психологиясы	Мақсаты: магистранттарды жоғары мектептегі ұйымдық психология ерекшеліктерімен және мазмұнымен таныстыру. Мазмұны: жоғары мектептегі ұйымдық психология ерекшелігі, мазмұны. Жоғары кәсіптік білім беру саласындағы ғылыми-педагогикалық қызметке жан-жақты дайындыққа ықпал ететін жалпы мәдени, кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру. Құзыреттері: жоғары мектептегі ұйымдық психология саласындағы жұмыс әдістерін		√		√			√			√		

				біледі және меңгереді.															
		КП	ТК	Киберпсихология	Мақсаты: магистранттардың жаңа бағыт – киберпсихологияның ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру. Мазмұны: Интернеттегі психологиялық қызметтің әртүрлі әдістерін, әлемдік көпмәдениетті білім беру кеңістігіне әлемдік білім беру тәжірибесінің жалпы бағдарлану заңдылықтарын зерттейді, саладағы заманауи бағыттардың дамуымен кәсіби сананы қалыптастыруға бағытталған жаңа киберқұзыреттіліктерді қалыптастырады. білім беру. Құзыреттері: киберпсихологиядағы әдістерді біледі және қолданады.	5			√	√				√					√
		КП	ТК	Тұлғаның сана психологиясы	Мақсаты: магистранттардың тұлғаның өзіндік санасының психологиялық ерекшеліктерімен таныстыру. Мазмұны: Тұлғаның өзін-өзі тану психологиясы – әлеуметтік байланыстар мен қарым-		√		√				√	√	√			√	

				<p>қатынастарды қалыптастыру және көрсету, оның іс-әрекеті мен заңдылықтарын анықтау, ішкі күйлер мен психикалық процестерді реттеудегі кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру, сонымен қатар, тұрақты қоғамдық қатынастардың санамен байланысы.</p> <p>Құзыреттері: тұлғаның өзіндік санасын қалыптастыру және дамытудағы әдістерді, психотехнологияларды біледі және қолданады.</p>														
	КП	ТК	Адам мінез-құлқының психофизиологиялық және әлеуметтік негіздері	<p>Мақсаты: деструктивті және суицидтік мінез-құлық психологиясының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Ғылыми білімнің пәнаралық саласы клиникалық психология, патопсихология, психиатрия, тұлға психологиясы, жалпы психология, психосоматика, педагогика пәндерінің қиылысында орналасқан.</p> <p>Құзыреттері: деструктивті және</p>	5						√	√	√			√		

				суицидтік мінез-құлықтың пайда болу, қалыптасу механизмдері, динамикасы мен себептері туралы түсінігі бар, олардың алдын алу, түзету және терапия әдістерін біледі.																
	КП	ТК	Адам мінез-құлқының аффективті және когнитивті негіздері	<p>Мақсаты: девиантты және деликвентті мінез-құлық бар тұлғаларға психологиялық көмек көрсету саласындағы идеялар мен практикалық дағдыларды қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Девиантты және деликвентті мінез-құлық саласындағы практикалық психологтардың кәсіби қызметінің негізгі бағыттары, міндеттері, түрлері.</p> <p>Девиантты және деликвентті мінез-құлықтағы тұлғалармен жұмыс істеуде психодиагностика, психологиялық кеңес беру, психокоррекция, психотерапия, психолог қызметінің кәсіби-этикалық принциптерін қолдану әдістері.</p> <p>Құзыреттері: мінез-құлықтағы</p>								√	√	√			√			







**5. ББ МОДУЛЬДЕР КЕСКІНІНДЕ МЕНГЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР  
КӨЛЕМІ ЖӨНІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕ**

Оқыту курсы	Семестр	Менгерілген модульдер саны	Оқытылатын пәндер саны			KZ кредиттер саны							Саны		
			МК	ЖК	ТК	Теориялық оқыту	Дене шынықтыру	Оқу практикасы	Өндірістік практика	Педагогикалық практика	Қорытынды аттестация	Барлық сағаттар	KZ кредиттер саны	емтiхaн	дифф.сынaқ
1	1	3		5	2	29			1	900	30	7	2		
	2	2			4	23	4		3	900	30	4	2		
2	3	2			4	21		7	2	900	30	4	2		
	4	1				-	-	-	30	900	30	-	1		
Барлығы	8	8		5	10	73	4	7	36	3600	120	15	7		

## 6. Оқыту стратегиясы, әдістері мен жасанды интеллект, бақылау және бағалау

<p><b>Оқыту стратегиялары</b></p>	<p>Студентке бағытталған білім беру: білім алушы оқытудың/үйретудің орталығы және оқыту мен шешім қабылдау үрдісінің белсенді қатысушысы.</p> <p><b>Тәжірибеге бағытталған білім беру:</b> тәжірибелік дағдыларды дамытуға бағыттау</p>
<p><b>Оқыту әдістері</b></p>	<p>Дәрістер, семинарлар, әртүрлі тәжірибе түрлерін өткізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• инновациялық технологияларды қолдану;</li> <li>• проблемалық оқыту;</li> <li>• кейс-стади;</li> <li>• топта және шығармашылық топтарда жұмыс істеу;</li> <li>• пікірталастар мен диалогтар, интеллектуалдық ойындар, жарыстар, викториналар;</li> <li>• рефлексия әдістері, жобалар, салыстыру;</li> <li>• блум таксономиясы;</li> <li>• презентациялар;</li> <li>• <b>ақпарат көздерін ұтымды және шығармашылықпен пайдалану;</b></li> <li>• <b>мультимедиялық білім беру бағдарламалары;</b></li> <li>• <b>электронды оқулықтар;</b></li> <li>• <b>сандық ресурстар;</b></li> <li>• <b>машиналық оқыту әдістері</b></li> </ul> <p>Студенттердің өзіндік жұмысын, жеке консультацияларын ұйымдастыру.</p>
<p><b>Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бақылау және бағалау</b></p>	<p><b>Ағымдағы бақылау</b> пәннің әрбір тақырыбынан аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білімді бақылау бойынша жүргізіледі (силлабусқа сәйкес).</p> <p><b>Бағалау формалары:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• сабақтардағы сұрау;</li> <li>• оқу пәні бойынша тестілеу;</li> <li>• бақылау жұмыстары;</li> <li>• өзіндік шығарамышылық жұмысты қорғау;</li> <li>• дискуссиялар;</li> <li>• тренингтер;</li> <li>• коллоквиумдар;</li> <li>• эссе жазу т.б</li> </ul> <p><b>Аралық бақылау</b> бір оқу пәні бойынша бір академиялық кезеңде кемінде екі рет өткізіледі.</p> <p><b>Аралық аттестация</b> академиялық күнтізбеге, оқу жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.</p> <p><b>Өткізу түрлері:</b></p>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• тестілеу түріндегі емтихан;</li> <li>• ауызша емтихан;</li> <li>• жазбаша емтихан;</li> <li>• аралас емтихан;</li> <li>• жобаны қорғау;</li> <li>• практика бойынша есеп қорғау.</li> </ul> <p><b>Қорытынды мемлекеттік аттестациялау</b></p>
--	--

## **7. БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚУ-РЕСУРСТЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРЫЛУЫ**

<b>Ақпараттық-ресурстық орталық</b>	Электронды оқулықтар, ПОӘК, МООК, видео-лекциялар, слайдтар, презентациялар, видео-фильмдер, анимация, ЭЕМ бағдарламалары.
<b>Материалдық-техникалық база</b>	Лекциялық аудиториялар, практикалық сабақтарға арналған аудиториялар, компьютерлік класстар, кітапхана және оқу залдары, абонемент, электронды ресурстық орталық, спорттық және акт залы, тамақтану пункті, медициналық қызмет көрсету пункті.

«7М03130-Психология»

білім беру бағдарламасы бойынша

**КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ**

АкМЖД директоры \_\_\_\_\_ А.С.Наукенова

АҒД директоры \_\_\_\_\_ Ұ.Б.Назарбек

ККД директоры \_\_\_\_\_ Т.С.Бажиров